



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

5G желілерін дамытудың мақсаттары мен тәсілдері айтылды



«Freedom Telecom» ұялы байланыс операторының басшысы Қайрат Ахметов «Digital Almaty» форумындағы панельдік сессияда сөз сөйлеп, компанияның Қазақстандағы 5G желілерін дамытудағы мақсаттар мен тәсілдер туралы айтты.

Ахметовтың айтуынша, Freedom Telecom 5G инфрақұрылымын дербес және нөлден құруды көздеп отыр, бұл компанияның жалпы стратегиясы мен оның меншік құрылымына байланысты.

«Біздің таңдауымыз – желіні нөлден құру, өйткені үш оператор болса да, оның екеуі мемлекеттік, олар негізгі мемлекеттік оператордың көлік желісінде жұмыс істейді. Біздің көзқарасымызбен, жеке капитал құрылымымен, егер жиіліктерді алсақ, 5G Standalone [5G желісін басқа ұрпақ желілерінен бөлек дамыту үлгісі] пайдалану бізге нөлден бастап желіні құру оңайырақ екенін түсінеміз. Біз оларды әлі алмасақ оптика жасаймыз, кеңселер мен жеке тұлғаларға b2b интернетін сатамыз. Тұрақты нарық үшін елеулі шектеулер жоқ. Біз қазір заманауи 5G операторы жұмыс істей алатын іргетасын қалап жатырмыз», деді Ахметов.

Қазіргі жағдайда 5G желісінің болуы телекоммуникация саласының дамуына түбегейлі әсер етпейді, деп санайды Ахметов. Дегенмен, бесінші буын байланысы болашақта үй-жайларды, қоғамдық орындарды және адам көп жиналатын орындарды көбірек интернет-сигналмен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Freedom Telecom air-to-ground (A2G) технологиясын пайдалана отырып, әуе кемелерінің бортында Интернетке сымсыз қосылу жобасын әзірлеуге ерекше көңіл бөледі. Ол жердегі орнатылған базалық станциялардан спутниктерді пайдаланбай сигнал беруді қарастырады.

Бұл тәсіл бұрынғы спутниктік технологиялармен салыстырғанда абоненттердің құнын айтарлықтай төмен-

детіп, жылдамдықты арттыруға мүмкіндік береді. Астана-Алматы бағытында алғашқы он базалық станция пайда болады деп күтілуде, одан кейін оператор авиакомпаниялармен жобаны кеңейту бойынша келіссөздер жүргізеді. Бұған дейін Ахметов компания Aviata.kz авиабилеттер агрегаторын пайдаланушыларға тегін интернетке қол жеткізу мүмкіндігін қарастырып жатқанын айтқан.

Қазіргі уақытта A2G технологиясын 2008 жылы алғаш рет пайдаланған американдық тасымалдаушылар белсенді түрде қолданады. Еуропалық әуе компаниялары әртүрлі ЕО елдеріндегі заңнама мен ережелердегі айырмашылықтарға байланысты оны пайдалануда шектелген. Ахметов Freedom Telecom жұмысының басқа да бағыттарына тоқталды:

«Біз деректер орталығы нарығына кіріп жатырмыз, бұл да телекоммуникация тарихының маңызды бөлігі. Кейбір нарықтарда дата орталықтары мен бұлтты бизнес байланыс операторларынан бөлек, көптеген елдерде олармен бірге дамып келеді, сондықтан біздің акционер айтқандай, Қазақстан қазір тіркелген және ұялы байланыс сапасы бойынша 100-ші орында тұр. соншалықты жоғары емес. Біз Egov пен финтехті дамыту жолын осы салаға көшіргіміз келеді. Осылайша, Қазақстан телекоммуникация саласындағы алғашқы 10-дыққа жақындады», деді ол.

Өз кезегінде, панельдік сессияға қатысқан Beeline басшысы Евгений Настрадаин компания 5G технологиясын дамытуға бейіл емес екенін, өйткені көптеген құрамдас бөліктерде оны пайдалану абоненттер үшін тиімді емес және ыңғайлы екенін айтты. Атап айтқанда, топ-менеджердің айтуынша, 5G қолдану трафикті көп тұтынуға және смартфон қуатын тұтынуға әкеледі.

2022 жылдың соңында Beeline Цифрлық даму министрлігі ұйымдастырған аукционға қатысты, онда 5G жиіліктері марапатталды. Оның жеңімпаздары Қазақтелекомға тиесілі Kcell (Kcell және Activ брендтерінің иесі) және Mobile Telecom Service (Tele2 және Altel) болды. Олар 2028 жылға қарай 5G-ге бейімделген базалық станциялардың белгілі бір санын орнатуға міндеттелді.

«Созақ үні»-ақпарат.



Президентке Жоғары сот кеңесінің 2023 жылы атқарған қызметі баяндалды

Президент Жоғары сот кеңесінің төрағасы Денис Шиппті қабылдады. Мемлекет басшысына Жоғары сот кеңесінің 2023 жылы атқарған қызметінің қорытындысы, еліміздегі судьялар корпусының қазіргі жай-күйі және алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде баяндалды.

Денис Шипптің айтуынша, Кеңес былтыр Мемлекет басшысы жүктеген бірқатар міндетті жүзеге асырған. Атап айтқанда, Жоғары сот кеңесін институционалды тұрғыда күшейту және судья болуға үміткерлерді дайындау, біліктілігін көтеру, олардың шекті жасын ұзарту, өкілеттіктерін уақытша тоқтату немесе мүлде тоқтату мәселелерін аталған органның құзыретіне беру жұмыстары атқарылған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Кеңестің судьяларды іріктеу тәртібін жетілдіру, ашықтық

пен тиімділікті қамтамасыз ету жұмыстары туралы мәлімет берілді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде жаңадан тағайындалған судьялардың қатарын көбейту үрдісі сақталып отыр. Былтыр судья лауазымына алғаш рет ұсынылған азаматтардың саны сот жүйесінен кеткендерге қарағанда 32 адамға артық болды. Гендерлік тұрғыдан әйел судьялардың саны ер адамдармен салыстырғанда 172 адамға көп. Судьялардың орташа жас мөлшері—46 жас, ал еңбек өтілі—13 жыл.

Іріктеу барысында ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету үшін конкурс рәсімдерін онлайн-трансляция жасау және оның қорытындысы туралы егжей-тегжейлі түсініктеме беру тәжірибесі алғаш рет енгізілді. Сонымен қатар өткен жылы Парламент Сенатының қарауына енгізу үшін Мемлекет басшысына

Жоғарғы Сот судьяларының лауазымына үміткерлер тізімі бірінші рет балама негізде ұсынылды.

Бұдан бөлек, аудандық сот төрағаларын сайлау тәртібіне жаңа элементтердің енгізілуіне байланысты Президентке судья лауазымы үшін кадрлық резерв жасақтау институтының рөлі күшейтілгені жөнінде ақпарат берілді.

Қазіргі таңда шешім шығару барысында судьялардың заңды әрекеттері үшін күші жойылған әрбір сот актісін Сот жюриінің тексеру механизмін заң жүзінде енгізу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев судьялардың тәуелсіздігін күшейтуге және оларды сапалы түрде іріктеуге бағытталған реформаларды тиімді жүзеге асыру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.


Грантқа түсу үшін қанша балл жинау керек? ҰТО басшысының жауабы

Ұлттық тестілеу орталығының басшысы Руслан Емелбаев дәл осы сұрақты қоятындар көп екенін айтты.

Ол жылда қайталанатын сұраққа арнайы әлеуметтік желіде жауап берді. Оның айтуынша, «Грантқа өту балы» деген болмайды. Үміткердің грантқа түсуіне түспеуі тек грант конкурсы ғана анықтайды.

- Сіздердің грантқа түсуіне түспеуіңізді тек грант конкурсы анықтайды. Ал оның нәтижелері конкурсқа қатысушылардың санына және жинаған балына байланысты. Сондықтан грант конкурсына қатыспай жатып, сізге ешкім қанша балмен грант иегері атана алатыныңызды айта алмайды. Бірақ сіздерде кем дегенде бағдар болу үшін былтырғы түлектердің грант нәтижесін қарап шығуға кеңес беремін, – деп жазды Руслан Емелбаев.

ҰТО басшысы мысал ретінде 2023 жылғы



грант конкурсын келтірген.

- 2023 жылы «Стоматология» мамандығы бойынша бір гранттық орынға 22 адам үміткер болған. Яғни, 20 грантқа 440 адам өтініш берген. Грант ұтып алғандардың ең төменгі көрсеткіші 130 балды, орташа көрсеткіші 131 балды құраған, – деді Руслан Емелбаев.

«ЗЕРДЕ» КОНКУРСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢІНІҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Ақмола облысының Щучье қаласында 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарына арналған «Зерде» конкурсының республикалық кезеңі өткізілді.

Аталған конкурста ағылшын тілі пәні секциясы бойынша ауданымыздың «Созақ» мектеп-гимназиясының «7» сынып оқушысы Сайлау Іңкәр Ержанқызы «Features of the states of Maine and Idaho» тақырыбындағы зерттеу жобасымен қатысып, Түркістан облысының ауданымыздың мектебіміздің абыройын асқақтатып II орынды жеңіп алды.

Іңкәрдің пәнге деген қызығушылығына, бейімділігі мен қабілетіне қолдау білдіріп жетекшілік еткен ағылшын тілі пәні мұғалімі Нұржанбаева Динара Амангелдіқызына алғыс білдіреміз. Шәкіртіңізге берген білімнің жемісі мен жеңісін көру үлкен мәртебе.

Іңкәр қызымыз мектеп абыройын асқақтатып өзіне артылған үлкен үмітті қашанда ақтауға күш-жігері мен білім-таным сеніміміз мол! Болашағың жарқын болсын ауданымыздың зерделі қызы ІҢКӘР!

«Созақ үні»-ақпарат.

Ақ халатты абзал жандарға алғыс айтамын

«Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің» демекші басымыз ауырып, балтырымыз сыздаса әуелі ақ халатты абзал жандарды іздейміз. Олар да қолынан келген дәреметін жасап бәйек болады.

тап қалған перзентімнің жүрегіне жан бітіріп, қызымды ажалдан аман алып қалды. Сол кезде облыс орталығынан дәрігер де шақырып, жағдайының жақсаруына ықпал жасады. Қазір облыстық «Нұрсәт»



Жақында 24 күндік қызым Тілеутай Айсунна табан астында қатты ауырып, жедел жәрдем келігімен Жуантөбе ауылынан аудандық орталық ауруханаға алып келдік. Мұнда дәрігерлер қызымды жедел түрде жансақтау бөліміне (меңгерушісі Шәдібеков Өміртас) жатқызды. Бөлім дәрігері реаниматолог-анестиолог Назарова Жансая Мейірханқызы тоқ-

балалар ауруханасында ем қабылдап жатырмыз. Қызымның да жағдайы жақсы. Қиын кезде көмектерін жасаған ақ халатты абзал жандарға рахметім шексіз. Жансая апайға өзімнің және отбасымның атынан алғыс айтамын.

**Марал БАЙДАРОВА,
Жуантөбе ауылының тұрғыны.**

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков биылғы оқу жылында оқушылар арасында өткен республикалық сайыстарда жоғары жетістіктерге жеткен оқушылар мен олардың жетекшілерін арнайы қабылдап, құрмет көрсетті.

-Сіздердің жеңістеріңіз бен жеткен жетістіктеріңіз жастарымыз үшін үлгі болып, мектеп жасындағы балалар арасында білім мен өнерге деген қызушылықты арттыраы сөзсіз. Әркез қай салада болмасын жетістікке жеткен жастарымызды қабылдап, көңіл бөліп келемін. Сіздердің жеңістеріңіз біз үшін де, ауданымыз үшін де үлкен мәртебе. Алдағы уақытта да биік шыңдарды бағындырып, облысымыз бен ауданымыздың мерейін



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ САЙЫСТАРДА ЖҮЛДЕГЕР АТАНҒАН ОҚУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

үстем етіп, жеңіс тұғырынан көрінулеріңізге тілектеспін, деген аудан басшысы өскін ұрпақтың спортпен тұрақты шұғылданып, сапалы білім алуларына бағытталған жобалар мен атқарылар жұмыстарға тоқталып өтті.

Сондай-ақ республикалық сайыстарда оза шапқан озат оқушылар мен ағартушылық және тәрбие жұмысын жүйелі жүргізген жетекшілеріне арнайы алғыс хат пен сый-сияпат табыс етіп, құрмет көрсетті.

Сонымен қатар, қабылдауда болған оқушылардың жетістіктеріне жеке-жеке тоқталып өтті. Болашаққа деген жоспарларын тыңдап, еркін тақырыпта пікір алмасты. Облыс орталығында өткен «Тарих өткелдеріндегі

қазақтың үш биі» тақырыбындағы республикалық сахналық қойылым байқауында II орынды иеленген Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары өздерінің сомдаған ролдеріне қысқаша шолу жасап, зор құрметке ие болды.

Талантты да білімді оқушылардың жетекшілері аудан басшысына алғыстарын жеткізіп, ел игілігі жолындағы қызметіне сәттілік тіледі.

Айта кетейік, биылғы оқу жылында облыс орталығында өткен «Тарих өткелдеріндегі қазақтың үш биі» тақырыбындағы республикалық сахналық қойылым байқауында Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары Еңлік Ануарбек, Файзулла Данияр,

Аманқозы Мағжан, Қойшыбай Мақсат, Талғатхлы Ердаулет, Әліпбек Азат және Әліптір Асқар жүлделі II орынды иеленген.

Сонымен қатар, аудан әкімінің қабылдауында елорда төрінде өткен ауыл мектептері оқушыларына арналған республикалық пәндік олимпиадада жүлделі II орын иеленген Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясының оқушысы Лесбек Жұлдызай, жүлделі III орынды иеленген І.Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп оқушысы Дәріп Аружан және «Созақ» мектеп-гимназиясының оқушылары Раушанхан Асқар мен Олжабек Гүлсезім болды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

ОНКҮНДІКТІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің жылдық жоспарына сәйкес өткен «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» тақырыбындағы қазақ, ағылшын, орыс тілі пәндерінің онкүндігінің қорытынды кеші өткізілді.

Оқушылар мен педагогикалық ұжымды қамтыған түрлі шаралар қорытынды сайыспен аяқталды. 8-11 сынып оқушылары бірнеше кезең бойынша бақ сынасты, атап айтқанда таныстыру, ән айту, би билеу, көркем сөз оқу.

Үш тілде жүргізілген сайыста әділ-қазылар алқасының шешімімен жүлделі I-орын 11"Ә" сыныбына, II-орын 10"А" сыныбына, III-орын 9"А" сыныбына бұйырды.



Онкүндік барысында белсенділік танытып ерекше көзге түскен және жүлдегер атанған оқушылар мектеп директорының арнайы Алғыс хаттарымен марапатталды.

БҮЛДІРШІНДЕР ЖӘНЕ КІТАП

«Шұғыла» бөбекжай-балалар бақшасының тәрбиеленушілеріне Созақ аудандық орталық кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің кітапханашысы Б.Жұмабаева және балалар кітапханасының кітапханашысы Н.Абдуллаеваның бірлесуімен, бүлдіршіндерге қызықты ертегілер алып барып, дауыстап оқулар өткізді.

Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің кітап-

ханашысы Б.Жұмабаева бүлдіршіндердің назарын кітапқа бұрмас бұрын «Ойнаймыз, ойлаймыз, оқимыз, жазамыз» атты ойын сағатын өткізіп, балаларды сергітіп алса, балалар кітапханасының кітапханашысы Н.Абдуллаева көптеген қызықты ертегілерді дауыстап оқып, сонымен қатар аудио дыбыстамасымен жасақталған жаңа кітаптарын бүлдіршіндерге тыңдатып, оны бірлесе талдап, түсінік

қалыптастырды.

Бүлдіршіндер ертегілерді аса қызығушылықпен тыңдап, сонымен бірге, кітапханашыларға тәрбиеші апайлары үйреткен жаттау, ертегілерін таласа айтып берді. Бала тілі-бал денгендей-ақ бірінен соң бірі өнерлерін көрсетуге асыққан бүлдіршіндермен кітапханашылар да қимай қостасты.

«Созақ үні»-ақпарат.

Біреу білді, біреу білмеді, осыдан 5 жыл бұрын дүрілдеп өткен Созақ ауданының 90 жылдық мерей тойынан кейін де көп ұзамай, ақпан айының ішінде аудан тарихында алтын әріппен жазылған тағы да бір ерекше күн елеусіз өте шықты. 1969 жылы ақпан айында аудандық мәдениет бөлімінің көркемөнерпаздар ұжымы Б.Майлиннің «Шұға» атты музыкалы пьесасын сахналап, «Халық театры» деген мәртебелі атақты жеңіп алып еді. Міне, сол мәртебеге ие болған Созақ халық театры «Хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнерді» (Ф.Мүсрепов) жұртшылық назарына ұсынып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, ауданның абыройын асқақтатып келе жатқанына биыл 55 жыл толып отыр.



заман ағымына сай өзгерістер енгізіліп, толықтырылып екі бөлімді драмаға айналған бұл туындым 2012 жылы Республикалық байқауда жүлдегер атанып, ең таңдаулы пьесалар топтастырылған «Ұшқын» атты ұжымдық жинаққа енді. Бүгінде облыс театрларында сахналанып келеді. Ал, 2015 жылы Республикалық байқауда Бас жүлде алған «Жұмаққа жетелер жол» атты драмма да ең алдымен өз ауданымыздың театрында сахналанып, (режиссері С.Батырбеков) сонан соң ғана облыс театрларына жол тартқан еді. Міне, одан бері де көптеген драмалық туындалырым өмірге келді, келіп те жатыр. Қол жеткен жетістіктерім де жоқ емес. Кезінде: «бұл сенің қолыңнан келеді» деп қамшылап, үлкен жауапкершілік пен сенім артқан, (әдебиеттегі ең қиын жанр


АУДАН АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТҚАН

Бастауын 1960 жылдары аудан жастары көркемөнерпаздарының драма үйірмесінен алған Созақ халық театры осы жарты ғасырдан астам уақыттың ішінде қаншама асу-белестерден өтіп, шыңдалған үстіне шыңдала түсті. Алдыңғы буын ағалардың айтуынша, ауданның өнерпаз жастары ең алғаш рет С.Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» атты тарихи трагедиясын сахналапты. Спектакльдің режиссері қызметін атқарған әрі басты кейіпкер-Шоқанның рөлін сомдаған Дулат Тұрантегі ағамыз екен. Ал, өзге кейіпкерлерді Жанғали Меймандосов, Сәкен Ниязбеков, Аманбай Әмреев, Нұрахмет Нұркеев, Қайып Андабаев, Мұратбек Абылов, Асқар Сүлейменов секілді

әбден ысылған жас режиссер келген бетте аудандағы өнерлі жастарды өз төңірегіне жұмылдырып, олардың театр өнеріне деген құштарлықтары мен ынтасын арттырып, шығармашылық қабілеттерін ашуға барынша күш салды. Соның нәтижесінде театр ұжымының құрамы жаңарып, жасарып, жұмысы да тез алға баса бастады. Жаңашыл, жалынды кәсіби режиссер сахналаған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» (Ф.Мүсрепов), «Ана-Жер ана» (Ш.Айтматов), «Қарақұм трагедиясы» (О.Бодықов), «Махаббат мұңы» (Т.Ахтанов), «Алтын көрсе, періште жолдан таяр» (Б.Уахитов), «Пай-пай, жас жұбайлар-ай!» (М.Хасенов) атты спектакльдері өздерінің қойылым ерекшеліктерімен көрер-

қы қарлығаштарының есімін айтпай кетуге болмайды. 1959-1960 жылдары ауданда алғаш рет «Еңлік-Кебек» пьесасы сахналанып, оның кейіпкерлерін сомдаған С.Ниязбеков, К.Рыспанбетова, Ә.Сәбеков, С.Жайлауов, М.Сейсенбаев, А.Төреханов, Д.Тұрантегі, Б.Тастыбаев, О.Сағындықовтардың бейнесі күні бүгінге дейін театр өнерін құрметтеуші қауымның естерінде сақталып, үлкен мақтаныш сезімен айтылып келеді. Сол ағаларымыз іргетасын қалаған Созақ халық театры да содан бері аудан халқын өнер нәрімен сусындатып, өнерлі жандарды сахна жанына шоғырландырып келеді. Әр кезеңде өнер өрінде өркін жүзген орта буын, кіші буын сахна шеберлерін атын атап, түгелдеп шығар болсақ, Аллаға шүкір, аз емес! Сондықтан, олар жайлы толық мәлімет жинақтап, тереңнен тартып, түгел қамтып жазылатын айшықты мақалалар алдағы күннің еншісінде деп ойлаймын.

Тіршілік ғұмырымның жартысына жуығы осы театр, сахна өнерімен тығыз байланыста өткен соң, өзім жайлы да аздап айта кетсем сөкетігі бола қоймас деп ойлаймын. 1985 жылы аудандық Пионерлер Үйінде театр үйірмесінің жетекшісі болып жұмыс істеп жүргенімде өлеңіммен, өнеріммен мен де дарынды режиссер Мүзекеннің көзіне шалынып, көп ұзамай киелі сахнаны жағалай бастадым. Оқушыларым орындаған қысқа қойылымдар мен скетчтер үлкен сахнадан көрініп, жұмбағы мол театр әлеміне деген қызығушылығым мен құштарлығым бұрынғыдан да арта түсті. Мүзекеннің айтуымен мерекелік іс-шаралар, қойылымдардың сценарийін жазып, драма жарының қыры-сырына үңіле бастадым. Сондай күндердің бірінде аудандық «Молшылық үшін» газетіне тастанды бала туралы «Нәресте зары» атты өлеңім жарияланды. Сол күні күніне қазақ және шет ел драматургтерінің бір немесе одан да көп пьесаларын оқуыма кеңес беріп жүрген Мүзекен маған өзекті тақырыптың бірі-тастанды бала өмірі жайлы пьеса жазуды ұсынды. Соған дейін ақыл-кеңесін алып, айтқанын «бұлжытпай» орындап жүрсем де, өзіме мәншалықты сенім, үлкен жауапкершілік жүктер деп ойламаппын. Қуаныш пен күдіктің ортасында абдырып қалдым. Мүзекен өзінің «қаталдығына» басып, біраз қамшылап алған соң келіспеске амалым қалмады. Кезінде бірнеше рет аудан орталығында, сондай-ақ барлық елді мекендерінде (совхоздарда) сахналанған тастанды баланың өмірін паш ететін «Қара мең» атты бір актылы драмалық туындым өмірге осылай келіп еді. Кейіннен



саналатын драматургия саласына келуіме бірден-бір себепкер болған) «қатал» режиссер Мүзекен мен өнер ұжымының сенімінен шыққан-шықпағанымды білмеймін, әйтеуір әлі күнге дейін рахаты да, қиындығы да мол осы жолмен жүріп келемін. Түрлі жанрларда жазылған біраз пьесаларымды облыстық драма, академия театрлары мен аудандық халық театрлары сахналап, ол әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Өткен 2023 жыл менің драматургиялық шығармашылығымда жемісті жыл болды деп айта аламын. Осы уақытқа дейін жазған пьесаларым топтастырылған «Алтын Орданың алтын тағы» («Тұран», Алматы 2023) атты пьесалар жинағым жарық көрді. (Кітаптың тұсаукесері Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының кітапханасында академия ұжымының қатысуымен өткізілді). Сол секілді облыстық Дін істері басқармасының тапсырысымен жазылып, Ж.Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ театры сахналаған «Құрық» атты әлеуметтік драмма облыс Әкімінің арнайы тапсырмасымен Түркістан облысының барлық аудандарында қойылды. Мен үшін бүгінде театр, сахна киелі ұғым ғана емес, өмірімнің бөлінбес бір бөлшегіне айналып кетті десем болады. 55 жылдық тарихы бар, ауданымыздың мақтанына айналған «Созақ халық театрында» менің де қолтаңбам бар екенін мақтаныш етемін. Киелі өнер ордасы-«Созақ халық театрының» алдағы кезде де жергілікті тұрғындарға рухани нәр беретін тың туындылар ұсынып, ауданымыздың абыройын асқақтата береріне сенімдімін.

Байділда АЙДАРБЕК,
ақын, сазгер,
драматург, жазушы.
ҚР Мәдениет саласының үздігі.



арда ағаларымыз сомдапты.

1967 жылы аудандық мәдениет бөліміне өнердің барлық саласын жетік білетін, білікті маман Я.Амандықов басшы болып келіп, өнер ұжымының әрбір күні тың ізденістер мен серпілістерге толы өмірі басталыпты. Жаңа басшының ұйымдастыруымен 40 адамнан тұратын хор ұжымы құрылып, Шымкент қаласында өткен облыстық өнер байқауында бірінші орынды иеленіп қайтыпты. Сондай-ақ, мекеме ұжымы мен аудан өнерпаздары бірігіп сахнаға шығарған И.Мақатовтың «Шекарада», Қ.Сатыбалдиннің «Отыз тиын штраф» атты драмалық туындылары да қалың жұртшылықтың театр өнеріне деген сүйіспеншілігін арттыра түсіпті.

1972 жылы біршама қалыптасып қалған өнер шаңырағына жас маман, білікті режиссер М.Арғынбаевтың келуі де Созақ халық театрының тарихында бір бөлес болып қалды десек артық айтқанымыз емес. Соған дейін Алматы театр студиясын бітіріп, Қарағанды облыстық қазақ драма театрында жұмыс істеп,


менің ыстық ықыласына ие болды. О.Бодықовтың «Қарақұм трагедиясы» Бүкілодақтық байқауда жүлделі үшінші орынды иеленсе, М.Хасеновтың «Пай-пай, жас жұбайлар-ай» атты комедиясы Республикалық байқауда жүлделі екінші орынды еншіледі. Сондай-ақ, Республикалық халық театрлары байқауында ол сахналаған «Еңлік-Кебек» (М.Әуезов) трагедиясы сарапшылар тарапынан жоғары бағаланып, рөлдерді шебер сомдай білген Н.Шабақов, Н.Нарымбетов, Т.Тұрғанбаев, М.Абыловтар республикалық байқаудың лауреаттары атанды. Сол сияқты, Я.Амандықовтың «Күйреу», М.Байжиевтің «Жекпе-жек» пьесаларынан бастап, бірнеше пьесаларда басты рөлдерді сомдаған А.Шәдібеков, П.Иманқұлов секілді көптеген ағаларымыз бен апаларымыз да өнерде өзіндік қолтаңбаларын қалдырып, сахна саңлақтары атанды.

Созақ халық театры жайлы сөз болған кезде сол өнер ордасының негізін салып, оның қалың жұртшылыққа кеңінен танымал болуына айрықша үлес қосқан театрдың алғаш-

Ауыл. 31 тамыз. Таң. Сағат 6:00. Ауа температурасы +21 градус. Ауылдан облыс орталығына бет алған автобустың соңғы бес орындығында үш қызын ертен ерлізайыптылар отырды. Үлкені мен кішісі анасына тартқан секілді. Аяқ-қолдары жылдамдау. Ал ортаншысы әкесінің аузынан түсіп қалғандай. Қараторы. Көздері бақырайып, көп нәрсеге мән бере бермейді. Бірақ, үлкен қыздың қолындағы төрт бүктелген қағаз ашылған сайын бұл да бар дүниені ұмытып соған қарайды. Кішісі әріп танымаса да тоңқалаңдап қағазға жармасады. Оны бажылдаптып кеудесінен итеріп, үлкен екеуі талқылауларын ары жалғастыра береді. Бұл бөлектеуге шыдамаған кішкентай анасына жармасады. Әкесіне жалтақтайды. Бірақ екеуінен де өтірік еркелеткеннен басқа ештеңе көрмеді. Мұны алдасыратып қояды. Бәрі көңілді...

* * *

Досхан Жылқыбай – жас жазушы. 1994 жылы қазіргі Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қызылкөл ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, филология және әлем тілдері факультетінің түлегі және әдебиеттану ғылымының магистрі. Шығармалары республикалық және шетелдік басылымдар мен бірнеше прозалық жинақтарға енген. «Жас Алаш» газеті ұйымдастырған «Қазақ пен қала» прозалық байқауының жүлдегері, Республикалық «Алтын тобылғы» әдеби байқауы «Ұздік проза» номинациясының иегері, «massaget.kz» порталы ұйымдастырған «Отаным, саған айтамын» байқауының жеңімпазы. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Оқырмандар мен әдеби ортаға «Иттің жасы,» «Ақтаңдақты қара қыз», «Сағым жылдар», «Квант» әңгімелерімен танылып үлгерген жас прозаик. Қазақстандық жас жазушылар мен ақындар үшін Президенттік арнаулы әдеби сыйлығының проза номинациясы бойынша Квант туындысы сыйлық иегері атанды. «Жастар жылына» орай жас қаламгерлер арасында ұйымдастырылған «Отаным, саған айтамын» атты прозалық байқауында бас жүлдесін иеленген «Бокетто» әңгімесін ұсынамыз.



БОКЕТТО



Қала. 31 тамыз. Бесін. Сағат 16:00. Ауа температурсы +43 градус. Жағып жатқан соляркасынан күйіс қайырып оталып тұрған автобус жол жиегіндегі ағаш бұталарына арқасын қасыта теңселіп жолға түсті. Өкіргеніне қарамай өкпеге теуіп, ескі моторын қинағандардан көңілі қалғандай өксіп алады. Автовокзалдан шыққаны сол еді, ескі костюм киіп, дорба арқалаған біреу қуып жетіп, тоқтатып алды. Есік ашыла ішке сөйлей кірді.

– 40 градус күннің ыстығында жұртқа жол тілеген оңай дейсің бе? Жүрмей тұрып айтпайсың ба? – деп жүргізушіге ашуланып келеді.

– Ей, осы әдетіңді қойсаңшы. Әжептеуір үйі бар, мәшинесі бар дейді ғой сені.

– Болса несі бар? Бала-шағам үйдің қабырғасын мүжімейтін шығар. ...Болды. Көдергі жасама... – деп автобус ішін аралай кетті.

– Әрбір жолаушының қасына келіп, кезерген еріндерінен түкірік шаша сөйлеп “Жолың болсын! Жолың болсын” деп автобустың артқы орындықтарына қарай жыл-

жыды.

– Жолға шығайын деп тұрсыңдар. Ақ жол үшін 5-10 теңгемізді аямайық. Қане... – деп ұйықыға кетіп бара жатқандардың өзін оятып алып алақанын жайып тұр. Тиын ұстатпағандарына ұрысып та алады. Автобустың соңғы бес орындығында ішкі ыстық былай тұрсын, мотордың ыстығы астынан өтіп отырған жолаушылардың алдына келді де бір отбасының адамдары екенін түсіне қойып, терезеге мағынасыз қарап шетте отырған еркекті түрткілей бастады.

– Жолың болсын! Жолың болсын! Қыздарыңның қызығын көр, – деп ортаңғы орындықта отырған үш қызына қарап қояды. Бірақ еркек терезеден бұрылар емес. Дорба асынған еркек те бермесең кетпеймін дегендей әлі тұр. – Жолың болсын! Жолың болсын! Осы сәтте әйелі еріне бұрылды да, кейіп кетіп:

– Берші мынаған қақсатпай, – деді қыршып алғандай.

– Жоқ қой, жоқ. Сорлап отырғанымызды көрмей тұрсың ба?

– Соқыр емеспін.

– Соқыр болмасаң ие болмайсың ба?

– Мен кінәлі екенмін ғой. Еркек болып өзің ұстамадың ба? Болмаса қуып жетпедің бе? Тұрдың ғой...

– Болды!

Артқы орындықтар үнсіз қалды да көргенділері арқасымен сезіп, көргенсіздері көздерімен бұларды сүзе қараған. Дорба асынған еркектің алақаны жаюлы қалды. Бүкіл автобус ішінде ыстықтан аһылап-уһілеген адамдар мен газды-газсыз сулардың ашылған, олардың қылқылдап жұтылғандары естіледі. Үш қыздың шешесінің жанында отырған ең кішкентайы анасының бауырына тығыла түсті де:

– Мама су ішем, – деп еді анасы:

– Отыршы... – деп қызының сан етін үзіп алардай шымшып алған сәтінде, қызынан қыңқ еткен дыбыс шықты да, соңы үнсіз ығырсуға ұласып кетті. Ортада отырған ортаншы қызының тостағандай көздерінен екі тамшы жас домалап

түсті де, ол да еріндерін жымқыра қойды. Мұндай картинаға күә болмамын деп ойламаған дорбалы еркек кері бұрылып есікке беттеген.

– Жолың болсын! Жолың болсын!

Автобус өзінің қалыпты жүрісіне түссе де, жолдың ой-шұқырында селк-селк етіп еденіндегі шаңын көтеріп-көтеріп алады. Көзге көрінбес еді. Тек терезе пердесінің тесігінен түскен күн сәулесі жолындағы бүкіл тозаңға жарық түсіріп, құс жолындай анық көрсетіп тұр. Ері мен әйелі екі жаққа қарап, терезеге телміреді. Бірақ екеуінің де көздері ойсыз. Үлкен қызының ұпайы түгелдей жан-жағына алақ-жұлақ етіп отыр. Кіші қызы шөлдеген қалпы ұйқыға кеткен. Тек ортаншы қызы ғана қос қолымен иегін таянып, мұңлы көздерін сирек жұмады. Автобус селкілдеген сайын өзіне біліне бастаған құлын мүшесі де қоса дірілдейді. Денесінен енді бөліне бастаған бұл мүшесі әлі де болса өзіне таңсық. Алғашында жүгірген, секірген кезінде қимылдағанын өзі сезіп екі беті ұяттан ду-ду ететін. Осы себепті де дене шынықтыру сабағына қатысудан қашып жүретін. Сыныптас қыздардың осы нәрсе туралы әңгімелеріне де араласа бермейтін. Кейіннен бойы үйрене бастады. Олардың өз денесінен бөлек қимылы үйреншікті әдетке айнала бастағанда ауыратынды шығарған. Өзге емес, тіпті өзінің қолы оқыс тиіп кетсе ду ете қалады. Осы қалаға шығарда басталған ауруын анасына айтып еді:

– Бәрінде болады. Ертең қалаға барғанда қатты тартып тұратынын әперем, – деген.

– Қатты тартқаннан ауырмай ма? – деп сұрады бұл.

– Жоқ. Өсіп келе жатқанда қаттырақ тартып байласа тік өседі, – деді де анасы өз сөзінен өзі ұялғандай:

– Бар, жұмысыңды істе, – деп тұрғызып жіберген.

Енді ол да жоқ. “Таңсықтың киімі түгел. Бәрі жаңа. Анау күні үйінде ойнап жүргенде тығылып көрсеткен. Жейдесі, туфлиі, юбкасы, тіпті бантигіне дейін жап-жаңа. Құндызайдың алдыңғы күні апайдан сұранып жатқанын көргем. Кеше дайындыққа келген жоқ. Ол да жаңа киім алған шығар. Малика да осыдан екі-үш күн бұрын қалаға келіп кетті...” – деп ортаншы қыз өз сыныбындағы қыздардың киімдерін түгендеп, өз киімі туралы ойлағанда көмейіне өксік кептеліп қалып, кері жұтты. Иегін таянып отырған сол жақ қолының қары ашып кетті де, тартып алам деп өз мүшесін тағы ду еткізді. Шыңғырып жіберудің сәл-ақ алдында қалған. Бұрылып еді, анасы екен.

– Қарап отырмай, жаттасаңшы өлеңді. Қыз кімге мұңын шағарын білмей әкесіне қарап еді, шалқайып ұйықтап жатыр. Жыны келді. Жек көрді. Әкесін, анасын, автобустағылардың бәрін. Әсіресе айлығы ай соңында түсетін, түссе де арзымайтын әкесінің қолын қыршып тістеп алқысы келген. Бірақ батылы жетпеді. Қалтасынан екі бүктелген қағазды алып оқи бастады. Отаным кең далам, орманды, Болаттан соғылған қорғанды... “Жаңа мектептің ашылуында біз неге Отан туралы ән айтамыз” деп ойлады да қайта қағазына үңілді. Бірақ ондағы жазылған сөздерді оқып отырған көзі ғана. Таңертеңгі жағдайды ойлап кетті.

Қала. 31 тамыз. Сиыр сәске. Сағат 10:00. Ауа температурасы +30 градус. Үш қыздың әкесі автобустан түсе темекісін тұтатты да:

– Ал, жылдам-жалдам аралап, түстен кейінгі автобуска үлгеріп қайтып кетейік, – деп әйеліне қарады.

– Шәй ішіп алмаймыз ба?

– Күн салқындау кезде біраз жұмысымызды бітіріп алайық, – деп автовокзалға жапсарласа орналасқан базардың қатарларына өзі бастап бет алды. Әйел кішкентайын көтеріп, екі қызын жетектеп соңынан ерген. Білгі-жығы адам. Базар жаңа ашылса да сауда қызып жатыр.

– Түсіріп берсеңші!

– Таңғы базар ғой!

– Қаншаға бересің? – деген сияқты дабырлаған сөздерден құлақ тұнады. Бесеуі де базардың бір бұрышынан бастап өздеріне керектілерін қарай бастаған. Алғаш болып үлкен екі қызға туфли қарады. Ортаншы қызының тұсауы кесілмеген бе, әлде өзінің жүрісі жайсыз ба, былтыр ғана әперген ақ туфлиінің тоз-тозын шығарған. Бояуы ұшып, қарайып, астындағы матасы көрініп тұр. Қыздары таңдап, ұнатқанын киіп көріп тұр екен. – Інім, қанша деп тұрсың мына туфлилеріңді?

– Екеуін де алсаңыз төрт жарымнан беремін, әпке.

– Қымбат қой. Түсірсеңші.

– Әпке, бүкіл базардағы баға осындай. Сезон ғой. Ертөрек келгендеріңізде болар еді түсіруге.

– Біздің папамыздың айлығы айдың соңында түседі – деп күйеуіне қарады.

– Әпке, ол енді біздің шаруа емес. Жарайды. Төрт мыңнан берейін, – деген жылпос жігіт аяқ киімдердің қораптарын дайындай

бастады. Қыз киімінің оңай табыла қоймайтынын білетін әкесі бұл жылдам саудаға қуанғаннан темекісін тұтатып сырт айнала берген еді. Әйел қолындағы сөмкесін жаймада тұрған аяқкиімдердің үстіне қойып, тізерлей отырды да қыздарының туфлилерін өзі ұстап көре бастады.

– Қыспай ма?

– Жоқ, мама. Ыңғайлы.

– Үлкен емес пе?

– Дұп-дұрыс.

– Бір размер үлкенін алсақ қайтеді. Ендігі жылы да киесің.

– Қойшы, мама. Былтырғым жарамай қалды ғой.

– Жарайды, – деп орынан тұрып, сөмкесіне қол соза бергені сол еді, ақ кепкалы жігіт мұны итере қылатты да, сөмкені ұстаған қаппы базардың қалың жұртының ішіне кіріп жоғалды.

– Мақсат... Мақсат... Ұрлап кетті, – деп айқайлаған әйел далбалақтап не істерін білмей қалды. Темекі тартып тұрған еркек те қапелімде кімді, қалай қуаларын білмей әйелі сілтеген жаққа жүгіре берген.

– Ақ кепкасы бар, Мақсат. Ақ кепка, – деген әйелінің сөзін деп еміс-еміс естіп, кездескен ақ кепкалының бетіне қарап жүр. Қайдан танысын. Артынан қыздарын ертіп әйелі де жетті.

– Таптың ба?

– Қайдан табам?

– Құдай-ай. Мұрыныңды құрт жегір. Сәл шыдай алмадың ба? – Айналайын, адам базарда сөмкесін қараусыз қалдыра ма? Шарт-пұрт айқай арасында бақырып кіші қызы жылады. Үлкені базардағы әркімнен ақ кепкалы жігітті сұрап жүр. Ортаншы қыз сылқ етіп отыра кетті. Көзі жасаурап барады.

Қала. 31 тамыз. Түс. Сағат 12:00. Ауа температурасы +37-38. – Қай қатар, қай дүкеннің алдында ұрланды? – деп мұртты офицер бұларға мейірлене қарады.

– Бірінші қатар, үшінші дүкеннің алдында.

– Сағат қаншада?

– Он жарымдар шамасында.

– Куәгерлер бар ма?

– Бар

– Қанша?

– Бәріміз. Тіпті сол жердегі сатушы жігітті де алып келейік, – деп еркек ашуланып кетті.

– Сіздер ренжімеңіздер. Мен сіздерді түсініп отырмын. Бірақ сіздер де түсініңіздер. Бізге хатта-

ма толтыру үшін мұның бәрі керек. Әйел шарасыз үнмен:

– Таба аласыздар ма? – деп сұраған.

– Табылуы керек. Іздеу жариялаймыз. Қолымыздан келгеннің бәрін жасаймыз ғой.

– Бүгін табылмай ма?

– Бәлкім. Ол осы маңнан ұзай қоймаған шығар, – деп мұртты офицер тартпасынан кәмпит алып кішкентай қызға ұсынды да:

– Іздеп жатырмыз. Бүкіл айналадағы адамдарға хабар берілді. Нөмірлеріңізді жазып алдық. Табыла қалған жағдайда хабар береміз.

Ауыл. Ақшам. Сағат 20:00. Ауа температурасы +29 градус. Автобус ауылдың алдамасына тоқтасымен, әйел өзі қарызға азық-түлік алатын дүкенге жүгірді. Жүргізуші автобустан түсіп темекі тартып тұр еді, Мақсат жүргізушіге жақындап келіп именіңкіреп тұрады да:

– Таңертең базарда ақшамызды ұрлатып едік, – деді мұрнының астынан.

– Иә. Қазір қайта қаптап кетті ғой ұрылар.

– Халықтың жағдайы төмендейін деді-ау...

– Бәлкім. Тыныштық болса болар еді, әйтеуір... Жүргізуші темекісін тартып бола бергенде бұл қалтасынан бос екен білсе де темекісінің қорабын шығарды да, аузын ашып сұқ саусағымен қораптың төрт бұрышын адақтап шығып:

– Таусылыпты ғой, – деп лақтырып жіберді. Бірақ оған жүргізуші назар аударған жоқ. Мақсаттың әйелі алқынып жүгіріп келді де жолақысын жүргізушіге ұстатты. Бесеуі үнсіз үйге қайтып келеді. Бұларды үй алдынан Мақсаттың ағасының баласы күтіп алған.

– Көке, монша жағып қойдым, – деп ере жөнелді. Бірақ олардың қолынан ешбір сөмке көре алмай, күні бойғы еңбегі еш кетіп үнсіз қалып қойған еді.

Қала. Ақшам. Сағат 20:33. Ауа температурасы +35. Жазғы алаңқайына су себілген кафеде екі жігіт сыра ішіп отырған.

– Бүгінгі күннің жанғаны-ай, – деп мұртты жігіт орындықтың арқылығына шалқая бергенде фуражжасы басынан сырғып түсіп қала жаздады. Ол оны қолына алып, маңдайындағы гербті суртіп, үстел үстіне қойған. Қарсыдағы жігіт сыра бокалы сыртының теріне сурет салып отырып,

бейғам ғана:

– Айтпаңыз, – деп бокалын қағыстыруға көтере берді.

– Анау қайда жүр?

– Әне, келе жатыр, – деп есікті нұсқады. Ақ кепкалы жігіт бұлардың үстеліне қарай жақындаған кезде даяшы да мәзірін алып әзір тұрған еді.

Ауыл. 1 қыркүйек. Сәске. Сағат 9:00. Ауа температурасы +31 градус. Ортаншы қыз қарайған жерлеріне ақ красқа жағылған былтырғы туфлиін киіп, мектепке кетіп барады. Ескі, жеңі қысқара бастаған кофтасының жеңін созып-созып қояды. Бүгін жаңа мектептің ашылуында ән айтуы керек. Сол ән айту үшін мұның бірнеше сыныптасын сабақ басталмай тұрып жинаған еді. Бұл кешегі дайындыққа қалаға киім алуға барам деп қатыспаған. Ескі кофтасымен ескі мектептің жанынан өтіп бара жатып дәл кешегі базардағыдай көзі жасаурап кетті. Ешбір сыныптасының көзіне түскісі келмей мектеп алдындағы жиналысқа кешігіп келді де, сыныптастарының артына елеусіз тұра қалды. Тек іздеп қалмасын деп, апайының көзіне анық түсті. Айналасын барынша бақылай қарады. Былтырғы киімімен келген ешкім жоқ секілді. Бәлкім өзіне солай көрінді. Еңселі мектептерінің ашылу салтанатын 11 сыныптың екі оқушысы сәмпылдап жүргізіп тұр. – Ендігі кезекте өнер көрсететін 7 сынып оқушылары. Хор. “Отан” әні. Микрофон, дауысы жақсы деп, жұрттың бәріне естілсін деп ортаншы қыздың қолына ұстатылған. Отаным кең далам, орманды, Болаттан соғылған қорғанды. Бақыттың, шаттықтың мекені, Қорғаймын, қолдаймын ордамды... Қалай айтып шайқаны есінде жоқ. Тек артындағы сыныптас қыздарының мұның ескі кофтасына, туфлиіне тесіле қарағанын ғана сезді.

Ауыл. Түс әлеті. Сағат 12:08. Ауа температурасы +35 градус. Жаңа мектептің ашылу салтанатынан ескі киімдерімен көңілсіз қайтқан ортаншы қыздың түсінгеннен түсінбегені көп еді. Көп адам сөйледі. Көп сөз сөйленді. Бәрінің айтатыны 100 мектеп, 50 мемлекет немесе оның арғы жағындағы 30 ел. Бәрі бұлыңғыр. Бірақ мұның санасына тіптен симаған нәрсе бар. Мемлекет туралы сөз сөйленген мектептің ашылу салтанатында бұлар неге Отан жайлы ән айтты.

Замандастарыма құлаққағыс

БОС СЕЛТЕНЦІНІҢ АҚЫРЫ...

Шыр етіп дүниеге келген нәрестенің қоғамға бейімделуі, бойына жақсы қасиеттерді қабылдауы ұзақ уақытты керек еткенімен, шақалақ жалған өмірдің түсінігін сезбей, жақсы яки жаман пенде болып дүниеге келмейді. Адамды тәрбиелейтін, өзгертетін қоғам айнасы болғандықтан, сырттан тәрбие алып шатпақ жолды таңдап адам танымастай өзгерген тұлғалар да баршылық. Қоғамның ауыр соққысына ілінді ме, әлде жеңіл ақшаның буының басымдылығы ма, орда бұзар шаққа келген ер азаматтардың қайыр тілеп, алақан жайғандары Алтын Орда мен Арбат маңын торуылдап жүрген қайыршылардың бұл ісі ти-

ылар емес. Екі қолға бір күрек ұстатын шақта, намысын артқа тастап, жалған ауруға душар болып, халықтың қалтасын саналы түрде жымқыруын қашанғы жалғастырмақ. Әкімгерліктің ұсынған жұмысынан бас тартқан, азаматтардың қайыршылықтан тәбатын еңбек ақысы көп пе, әлде сегіз сағаттық тұрақты жұмысқа бейімделе алмайды ма?

Абай Құнанбайұлының аударма жинағында естен кетпес, үлгі боларлық шығарма көрініс тапты. «Шегіртке мен құмырсқа» кейіпкерлері адам емес аң, жан-жануар арқылы адам бойындағы мінді, жалқаулықты тұспалдап әжуа күлкі етеді. Құмырсқаның-

еңбекқор, адал жұмыс істейтіні, ал шегірткенің пана-сыз, еріншек болғаны бүгінгі қоғам айнасы іспетті. Адам баласының дамып өркендеуі, өзін-өзі жетілдіруі адал еңбекпен нәпақа табу-ды үйренуі, еріншектікті жеңгенімен пара-пар. Еріншек адамның жұмысқа құлшынысы болмай, оңай ақшаның көзін іздеп, жеңілдің астымен ауырдың үстімен жүретіндер баршылық. Оған дәлелім мына өмірден алынған, ащы да болса, сабақ аларлық жағдай еді. «Мен медакадемияға түскелі бері, сабақтардың қатты қиындылығы болды ма, белгісіз тәтті ұйқымды қимайтын-мен «Анатомия» мен бағындыра алмас пән бо-

лар бәлкім, тәтті ұйқымды қимай, лекцияларды ұйқымды өткізетін едім. Апайдың берген өзіндік жұмысы мен практикалық жұмысты жасауға ерініп, өзге студенттердің жұмысынан немесе интернет желілерінен көшіретінмін. Араға жылдар салып, оқуымды тәмамдап, қолыма ұзақ күткен дипломды да алдым. Мамандығым бойынша хирург болып балалар ауруханасына жұмысқа тұрдым. Көп уақыт өтпей-ақ, алғашқы ота жасайтын күні іштей қорқыныш, үрей сезімде болдым. Уақытысында практикалық жұмысты орындамай, ерінген, бос селтенмен өткізген студенттік шағымының бір бөлігі шекеме шеге болып қада-

ларын білмеген де едім, ештеңені білмей ота залына жүрек дүрсілі қатты соғып, аяқ басқаныммен, білімсіз маман болып, адам өлімін жиілетіп оны ойыншыққа айналдырып алғанымды да байқамаппын...»

Бұл бір замандасымның ішкі жан сыры еді. Расында еріншектіктің салдарынан өмірде қайта орнына келмес дүниелер де бар. Ол-алтын уақыт, сапалы білім, қамшының сабындай қысқа адам өмірі.

Мәдина МӘДІ,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық универси-
теті журналистика фа-
культетінің 2-курс
студенті.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №156-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңына сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыру-бұл әскери міндеттілік негізінде Қарулы Күштерді жеке құраммен жасақтауға бағытталған мемлекеттік органдар жүргізетін іс-шаралар кешені.

Осыған байланысты аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №156-

құраммен жасақтауға бағытталған мемлекеттік органдар жүргізетін іс-шаралар кешені.

Осыған байланысты аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №156-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 37,40 баптарына сәйкес за-пастағы сержанттар мен сарбаздарды 2024 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің төменде көрсетілген әскери

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің офицері болу, сен үшін үлкен абырой!

IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңының 32 бабына сәйкес 2024 жылы жиырма тоғыз жасқа дейінгі запастағы офицерлерді әскери қызмет өткеруге Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскери бөлімдерінде төмендегі әскери мамандықтар бойынша шақырады.

-Мотоатқыштар әскерлері мамандары- 1 адам

-Танк әскерлері мамандары-1 адам

-Артиллерия әскерлері мамандары-1 адам

-Зымыранды-артиллериялық қарулану мамандары-1 адам

1.Әскери қызмет өткеру туралы

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер, көпшіліктер мен өтемақылар алуды қоса алғанда, азаматтың өз құқықтары мен өзінің отбасы мүшелері құқықтарының сақталу құқығы көзделеді.

Запастағы офицерлер әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалған тәртіппен тиісті әскери-есептік мамандығына ұқсас лауазым бойынша әскери қызметке кіруге құқылы.

3.Келісімшарт мерзімі және оны жасасу тәртібі

1. Әскери қызметті өткеру мерзімі:
Жиырма төрт ай

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Офицер-жай ғана мемлекеттік қызметкер емес, ол көптеген адамдарды тағдырын сеніп тапсырған мемлекеттің адамы.

Егер Сіз, өз тағдырыңызды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерімен байланыстырғыңыз келсе, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен хабарласыңыз.

Байланыс сымтетігі 4-15-92

Мен келісімшарт қызметін таңдадым!

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №156-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыру-бұл әскери міндеттілік негізінде Қарулы Күштерді жеке

бөлімдерінің бос лауазымдарына келісімшарт бойынша әскери қызмет етуге іріктеу жұмыстарын жүргізуде.

Запастағы сержанттар мен сарбаздарды

-«Астана» Өңірлік қолбасшылығына бағынысты Астана, қарағанды, Көкшетау, Жезқазған, Қостанай, Петропавл және Приозерск қалаларындағы 46298, 85510, 31775, 36352, 18405, 35835, 99260,99275 әскери бөлімдеріне;

-Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланының 5546 әскери бөліміне;

1.Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт

Келісім шарт бойынша әскери қызмет осы заңның 6-тарауының 37,40 баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы қарулы Күштердің уәкілетті лауазымды адамымен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасады.

Келісімшарт ерікті түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екі тарап арасында жазбаша түрде жасалады.

Әскери қызмет өткеру туралы келісім шартта азаматтың әскери қызметке кіруінің еріктілігі, азаматтың әскери қызметті өткеруге міндеттенген мерзімі және келісімшарттың басқа да талаптары бекітіледі.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттың талаптары азаматтың келісімшартта белгіленген мерзім ішінде Қарулы Күштерде әскери қызмет өткеру міндеттілігін қаптыды. Келісімшарт талаптарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер, көпшіліктер мен өтемақылар алуды қоса алғанда, азаматтың өз құқықтары мен өзінің отбасы мүшелері құқықтарының сақталу құқығы көзделеді.

Запастағы офицерлер әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалған тәртіппен тиісті әскери-есептік мамандығына ұқсас лауазымға келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге құқылы.

**К.КУЛУМБАЕВ,
Созақ ауданының
қорғаныс істері
жөніндегі бөлім бас-
тығы.**

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнетақымен әлеуметтік төлемдерді, жәрдемақыларды арттыру туралы

«2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы жобасына сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап:

Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3 692 теңге мөлшерінде;

Ең төменгі зейнетақы - 57 853 теңге;
Ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТКД) - 43 407 теңге;

Базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері - 28 215 теңге.

1.Жасы және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап алынатын мөлшерден 9 % - ға арттырылды.

2. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жасына байланысты жаңадан тағайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс 55 АЕК-ні (203 060 теңге) құрады.

3. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 205-бабына сәйкес ЕТКД-нің жаңа мөлшеріне пайыздық қатынаста белгіленді.

Мәселен, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болғанда немесе болмағанда тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 65 пайызы (60 пайыздың орнына) мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға арттырылады, бірақ ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 105 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі.

Бұл жаңа тағайындалған зейнеткерлерге және 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққандарға да қатысты.

4. Мүгедектігіне және асыраушысынан айрылу жағдайына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері, оның ішінде Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында тұратын және түзеу мекемелерінде орналасқан адамдар үшін Кодексінің 177 және 236-баптарында көзделген мөлшерде 2024 жылғы 1 қаңтарда ЕТКД мөлшерінің ұлғаюына байланысты (43 407 теңге) жоғарылды.

5. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі–МӘСҚ) еңбекке қабілеттілігінен айырылу (бұдан әрі–ЭТеа) және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшері «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2024 жылғы 1 қаңтарынан бастап арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 19 қазандағы № 925 қаулысына сәйкес 2024 жылы 1 қаңтарынан бастап 7 % артты.

Бұдан басқа Кодексінің 85-бабының 2-тармағына сәйкес бала күтіміне байланысты ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері осы Кодекстің 76-бабына сәйкес ұсталуға жататын міндетті зейнетақы жарналары қосымша есептей отырып, осы Кодекстің 82-бабына сәйкес бала туу кезектілігіне қарай белгіленген бала күтіміне байланысты жәрдемақының мөлшерінен кем болмады.

Осыған байланысты, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап бала бір жарым жасқа толғаннан кейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшері міндетті зейнетақы жарналарының қосымша есептелуі ескере отырып, бала күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақының мөлшерінен кем болады.

6. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап АЕК мөлшерінің артуына байланысты келесі жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің мөлшері артты:

№1 және №2 тізімдер бойынша мемле-



кеттік арнайы жәрдемақылар, жерлеуге біржолғы төлем, бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы, ай сайынғы бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақы, ай сайынғы бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша МӘСҚ-тан әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау,

Кодексінің 190-бабының 3-тармағының 1)-17) тармақтарында қарастырылған арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар, бірге тұратын төрт және одан көп көмелетке толмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы,

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы,

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккен азаматтарға және жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына тағайындалған, бірақ төленбеген бір реттік ақшалай өтемақы,

7. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмектің мөлшері 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен инфляция деңгейіне - 7%(әлеуметтік-экономикалық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 мамырдағы отырысында мақұлданды Қазақстан Республикасының 2024-2028 жылдарға арналған даму туралы №9 хаттама).

8. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕТКД мөлшерінің артуына байланысты мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы және бірінші топ мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамға мемлекеттік жәрдемақы мөлшері көтерілді.

**Д.ОСПАНОВА,
№4 Зейнетақы және әлеуметтік
қамсыздандыру бөлімінің басшысы.**

Жемқорлықпен күресейік!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастырылуын оқу орындарынан бастағанымыз дұрыс. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жарияланды. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар өткізілуде. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады.

Жалпы, біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерін жою мақсатында заңнамалық актілер қабылданды. Рұқсаттар мен мемлекеттік қызметтердің алынуын жеңілдету үшін электронды үкімет пен электронды сандық қолтаңба, «біртөре» қағидаты енгізілді.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

Қ.АҚБАЕВ,
Созақ ауданының Төтенше
жағдайлар бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау подполковнигі.
Б.ӘЛИЕВ,
бөлім бастығы,
азаматтық қорғау майоры.

Жарамсыз деп танылсын

Қорабай Жасұлан Тоқтасынұлының атына берілген көлік жүргізу куәлігі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексінің мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында Созақ ауданының Сызған ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің 8(72546 39-245) немесе 8 702 482 90 81 сенім телефоны арқылы жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары қабылданады.

Сызған ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің сенім телефонынан түскен барлық хабарлама тіркеледі және жауап беріледі.

Сызған ауылдық округі әкімі аппараты.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп Кодексінің талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, Егер, біздің мекеме қызметкерлері арасында заң бұзушылық, қызмет этикасы бұзылған жағдайда Созақ аудандық аумақтық инспекцияның 4-13-05 және Түркістан облыстық аумақтық инспекциясының 6-38-77-сенім телефондарына хабарласуға болады.

ҚР АШМ АӨК МИК Созақ аудандық аумақтық инспекциясы.

Қазақстан республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Созақ аудандық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесінің жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

№	Аты-жөні, тегі	Атқаратын лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты
1	Даурен-бекова Римма Жәгібайқызы	Инспекция басшысы	Әр аптаның сейсенбі күндері	15:00 -18:00

Хабарландыру

«Буденовское «БК» ЖШС «Түркістан облысы Созақ ауданы «Буденовское» кен орнының 6,7 учаскелеріне арналған 110/10 кВ ҚС бар 110 кВ екі тізбекті ЭБЖ салу» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық талқылау түрінде тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттар Бірыңғай экологиялық порталда: <https://ecportal.kz/> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда жарияланғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде 2024 жылғы 19 ақпаннан қабылданады.

Жобаға тапсырыс беруші – «Буденовское «БК» ЖШС, БСН161040005807, ҚР, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а/о, Сарыжаз ауылы, 021 квартал, 627 ғимарат, тел.+7 (727) 343-67-00, электрондық мекенжайы info@spb.kazatomprom.kz.

Әзірлеуші: «KAZ Design & Development Group LTD» ЖШС, Алматы қ., Навои к-сі, 74, 131 кеңсе, тел.8 727 225 77 00.

Көзделіп отырған қызметке қатысты қосымша ақпарат алу үшін +7(771) 5510661 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Объявления

ТОО «СП «Буденовское» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений на сайте Единого экологического портала по Разделу охраны окружающей среды к рабочему проекту «Строительство двух цепной ЛЭП 110 кВ с ПС 110/10 кВ для участков 6,7 месторождения «Буденовское» Созакского района, Туркестанской области».

Документация по проекту размещена на Едином экологическом портале: h в разделе «Опубликованные публичные обсуждения».

Замечания и предложения по проекту принимаются в течение 5 рабочих дней после публикации на Едином экологическом портале с 19.02.2024г.

Инициатор - ТОО «СП «Буденовское», БИН161040005807, РК, Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский сельский округ, село Сарыжаз, квартал 021, здание 627, тел. +7 (727) 343-67-00, электронная почта i.

Разработчик: ТОО «KAZDesign & DevelopmentGroupLTD», г. Алматы, ул. Навои, 74, офис 131, тел. 8 727 225 77 00.

По дополнительной информации относящейся к намечаемой деятельности обращаться по телефону +7(771) 5510661.

Нашақорлыққа қарсымыз

Әр қоғамның өзінің бас ауыртар ірі-ірі мәселесі болады. Қоғам өркендеп адам ой-санасы дамыған сайын оған төнер дерт кесел де ғаламаттай қуаттанып, бой бермес бас асаудай күшейе түсетін түрі бар. Өкініштісі сол қарап отырсаңыз осындай ем қонбайтын кеселді, дерттерді адамдар өздері ойлап табады. Әлемді жайлаған нашақорлық дерті күн сайын тамырын тереңге жайып барады. Бұл «жұқпалы ауруға» Қазақстан да шалдыққан. Ол уақыт озған сайын асқынып бара жатыр деп айтуға болады. Оған әр түрлі себептері бар. Ең негізгісі-есірткі және психотроптық заттарға қол жетімділік. Бұған дәлел күн сайын

әр-түрлі есірткі немесе психотроптық заттармен ұсталғандар жәйлі ақпараттар. Есірткі заттарды қолданып отырғандардың басым көпшілігіне-мектеп жасындағы бойжеткендер мен бозбалалар жатады. Өйткені жасөспірімдер еліктегіш келеді, сондықтан бір рет есірткіні қолдансам ештеңе ете қоймас деп, қалай нашақор болғанын білмей қалады. Есірткі заттарын оның синтетикалық түрлерін граффити жазбалары арқылы жарнамалау және тарататын тұлғалар Қазақстан Республикасының ҚК-нің 299-1 бабымен қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Сызған ауылдық округі бойынша нашақорлық пен есірткі биз-

несіне қарсы 2023 жылы жалпы саны 18 іс-шаралар болып өтті. Оның ішінде 8 спорттық іс-шара болса, жастар арасында 5 дөңгелек стол, 2 іс-шара жасөспірімдер арасындағы сурет сайысы бойынша, 3 концерттік бағдарламалар өткізілді. Ауыл әкімдігінің нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы 2024 жыл бойына жоспар бекітілген. Алдағы уақытта ауылдық жергілікті полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып жоспар бойынша нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы жүйелі жұмыстар жүргізіле береді.

Б.ЖАППАРКУЛОВ,
Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман заңгері.

БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

Сұраңыз, жауап береміз

1.Зейнетақы жинағымның жеткіліктілік шегінен асатын бөлігін алмау туралы шешім қабылдадым. Оны инфляция «жеп» қоймай ма? Менің қаржымды басқарудың қандай мүмкіндіктері бар?

«Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі қаржылық тәуекелден барынша қорғалған. Қазір де Қазақстан – азаматтардың зейнетақы жинақтарының инфляциядан сақталуына мемлекет тарапынан кепілдік беретін әлемдегі жалғыз ел. Егер зейнетке шыққан кезде жинақтардың кірістілігі инфляциядан төмен болса, онда бұл айырма алушыға БЖЗҚ-дан алғашқы зейнетақы төлемін алған кезде республикалық бюджет есебінен толтырылады.

Әлеуметтік кодекстің қолданысқа енгізілуімен қатар, салымшыларға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының 50% дейін инвестициялық портфельді (ИПБ) басқарушылардың сенімгерлік басқаруына аудару мүмкіндігі беріледі. Бұл ретте төменгі жеткіліктілік шегі ескерілмейді. Егер салымшы сақтандыру компаниясымен зейнетақы аннуитеті шартына отырған болса, онда ИПБ-ға міндетті зейнетақы жинақтары сомасының 100% дейін бере алады. Сондай-ақ, ИПБ-ға ерікті жинақтарын толық көлемде беруге болады. Осы жерде ескерте кететін бір жәйт, мемлекет зейнетақы жинақтарының міндетті түрлерінің сақталуына кепілдікті жинақтардың ҚР Ұлттық Банкінің басқаруындағы бөлігіне ғана береді. Ал жеке басқаруға берілетін зейнетақы жинақта-

рының сақталуына салымшы таңдаған компания жауапты болады. Зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігі негізінде есептелетін кірістіліктің ең төменгі деңгейін қамтамасыз етуге дәл осы ИПБ-лар өз капиталы есебінен жауап береді.

Егер салымшы зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аудару туралы шешім қабылдаса, ең алдымен, нарықтағы басқарушы компаниялардың өзекті тізбесімен танысуға кеңес береміз. Олардың БЖЗҚ сайтындағы инвестициялық декларацияларын, инвестициялық қызметтеріне жасалған шолуды зерделеп, таңдауы түсіп отырған компанияның тәжірибесімен және жұмыс нәтижелерімен толығырақ танысу қажет.

2.Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы төлемдерін мерзімінен бұрын алу шарттары туралы түсіндіріп беріңізші. Кәдімгі төлемдерден айырмашылығы неде? Бірлескен аннуитет дегеніміз не?

Қазақстандықтар зейнетақы төлемдерін дәстүрлі зейнет жасына толғанға дейін бірнеше жыл бұрын бұрын ресімдей алады. Ол үшін өмірді сақтандыру компаниясымен (ӨСК) зейнетақы аннуитеті шартын жасасу қажет. Бірақ мұндай шарт жасасу үшін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) салымшысында республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын белгілі бір сомадан төмен емес зейнетақы жинақтары болуы қажет.

«Созақ үні»-ақпарат.



«Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында жиын өтті

«Отбасы-кішкентай бір мемлекет» деп бекер айтылмаған. Әдетте жақсылықтың бәрі отбасынан басталады. Отбасы-жұртты жақындастырушы, ұрпақ пен ұрпақты табыстырушы, ұрпақаралық тұтастықтың отын жағушы ерекше ұя. Сондықтан да отбасы - барша адамзатқа ең жақын, ең қасиетті ұғым. Әрбір отбасында сүйіспеншілік пен түсіністік мықты болса, қоғамның діңгегі де берік болады. Адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап отбасының тәрбиесін алады. Қазіргі кезде глобализация жүріп, ақпараттық нөпір толассыз болып жатқан уақытта отбасылық құндылықтың ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше...

Осы орайда Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектептің мәжіліс залында «АМАНАТ» партиясының Созақ аудан-

дық филиалы төрағасының орынбасары, Созақ аудандық «Әжелер алқасы» қоғамдық кеңесінің төрайымы, Созақ ауданының құрметті азаматы, ардагер-ұстаз Қайыржанова Мәруа және мектеп ұжымының ұйымдастыруымен «БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ» тақырыбында жиын өткізілді. Жиынға ел арасында әдепті және тәрбиелі ұрпақ өсіріп, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, нағыз «Бақытты отбасының» үлгісін көрсете білген жандар қонақ ретінде шақырылды. Жиын еркін форматта ұйымдастырылып, оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, ақыл-кеңестерімен бөлісті.

Қуаныш ЕСБЕРГЕНОВ,
Мектеп тәлімгері, «Жар-тытөбе» бастауыш партия ұйымының төрағасы.

Сабырхан ұстазды еске алу



«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді халқымыз. Көптеген шәкірттер тәрбиелеген, білімге берілген тұлға, білімі терең, тәжірибелі ұстаз Сабырхан Бектемірұлы керемет жан және құрметті әріптес ретінде есте қалды.

Сабырхан ұстаз 1951 жылы 1 қаңтарда Созақ ауылында дүниеге келді. Ауылымыздағы Ә.Науайы атындағы мектепте үздік оқыды. Жоғары білімді Ташкент мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетінде алды. Еңбек жолын 1975 жылы өзбек тілі мен әдебиеті ұстазы ретінде өзі оқыған мектепте бастады. Шығармашылық қабілеті, терең білімі арқылы көзге түсіп, 1992 жылы оқу ісі бойынша мектеп директорының орынбасары лауазымына тағайындалды.

Ол өзінің жемісті еңбек жолында көптеген талантты шәкірттерді тәрбиелеп шығарды. Аудан, облыс білім бөлімдерінен көптеген мақтау қағаздарымен, сондай-ақ, «ҚР білім беру ісінің үздігі» медалімен марапатталды. Сабырхан ұстаз үшін ең қадірлі құрмет шәкірттерінің шынайы құрметі еді. Әріптестерінің арасында қарапайымдылығы, мейірімділігі, білім деңгейі, адамдармен жақсы қарым-қатынас құра алуы секілді қасиеттері арқылы ерекшеленіп, танылған еді. Өмірін жас ұрпақтың білім алуы мен тәрбиесіне арнаған Сабырхан ұстаз 2016 жылдан бастап құрметті зейнеткер атанды.

Асыл жары Бибіраба апаймен Нилуфар, Азизжан, Зулфизар, Дилдора есімді ақылды, қабілетті ұрпақ тәрбиелеп, немерешөбере сүйген ауқатты отбасының иесі болған еді. Сабырхан ұстаздың жарқын бейнесі өзі тәрбиелеген көптеген шәкірттері Науайы атындағы мектеп мұғалімдері және ата-аналарының есінде мәңгі қалады.

Ә.Науайы атындағы мектептің ұжымы,
Созақ ауылы.

Жерлесіміз-мақтанышымыз

Созақтан шыққан гроссмейстер

Созақ кие мен қасиетке, таланттарға бай өлке. Тарихты құрған тұлғалар мен олардың ізбасарлары бізде жетерлік. Өткен ғасырдың 1962 жылдары Шу совхозында менің әкем Иманбеков Мұхат мектеп директоры қызметін атқарып жүрген кезде Жұмбаев Ален агроном болып, қатар жүрген еді. Үй арасында үй жоқ көрші едік. Менің әкем де Ален ағай да ҰОС-ның ардагерлері. Соғыстан оралғаннан кейін менің әкем білім беру саласында бала тәрбиесімен айналыса, Ален ағай агроном мамандығын игеріп, қалжыраған халықтың, еңсесі түскен елдің жағдайын көтеру үшін аянбай еңбек етті. Олар өкімет қайда жіберсе де, өздеріне тапсырылған міндетті абыроймен атқарды. Ален ағай тоғыз ұл-қыз тәрбиелеп өсірген ардақты әке. Мен өзім жақсы танитын, әрі замандас ұлы Атағали-Шу совхозында орналасқан сол кездегі Ю.А.Гагарин атындағы мектепті үздік оқып, жоғарғы білім алып, есіп-енген жан.

Атағали Қазақ химия-технологиялық институтын (Шымкент қаласы) құрылыс мамандығы бойынша 1990 жылы бітірді. Оның Ғылыми-педагогикалық қызметі 1990 жылдың қыркүйек айынан басталды. 1997 жылы 01.02.04-«Деформацияланатын қатты дене механикасы» мамандығы бойынша техника ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін кандидаттық диссертация, 2009 жылы 01.02.04-«Деформацияланатын қатты дене механикасы» және 01.02.06-«машиналардың, аспаптардың және аппаратуралардың динамикасы, беріктігі» мамандықтары бойынша докторлық диссертация қорғады.

Осы уақыт аралығында оның 150-ден аса ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектері мен мақалалары жарық көрді. Оның ішінде 2 оқулық, 4 оқу құралы, 1 электронды оқулық, көптеген әдістемелік нұсқаулары бар және бірнеше мақаласы шетел басылымдарында жарық көрген. Көптеген республикалық, халықаралық ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, баяндамалары конференциялардың жиынтықтарында жарияланды. Отбасылы. Жұбайы Гүл Наз Тәжімбетова Д.И. Менделеев атындағы Мәскеу химия-технологиялық институтын тәмамдаған, мамандығы химик-технолог. Қызы Ақерке-жоғары білімді маман, ақпараттық технологиялар саласында сарапшы қызметін атқарады. Бүгінгі менің мақалама арқау болып, отырған, осы өнегелі отбасында дүниеге келген, Созақтан шыққан тұңғыш гроссмейстер-Жұмбаев Ринат Атағалиұлы.

Ринат 1989 жылы 23 шілдеде Шымкент қаласында өмірге келген. Халықаралық дәрежедегі гроссмейстер. Қазақстан құрама командасының құрамында 2008-2022 жылдары 6 рет шахматтан әлемдік Олимпиадаға, Азия ойындарына (2010) және Азияның командалық біріншілігіне (2022) қатысқан. Қазақстан Республикасының үш дүркін чемпионы (2011, 2014, 2017) екі рет вице-чемпион (2009, 2010) үш рет қола (2007, 2013, 2016) жүлдегері. Азия ұлттық кубогының рапидтен командалық (2014) және жеке тұлға ретінде (2018) жеңімпазы. Орта Азия елдері бойынша алтын жүлдегері (2019). Ри-



нат 2005 жылы 16 жасында Ресейдің Междуреченск қаласында өткен халықаралық турнирді жеңіп, ФИДЕ шебері атанды. 2007 жылы халықаралық дәрежедегі шебер, ал 2009 жылы халықаралық дәрежедегі гроссмейстер атағын жеңіп алды.

2010 жылы 8 елден қатысқан 13 гроссмейстер қатысқан Ташкент қаласында өткен Г.Агзамов атындағы мемориалда бірінші орынды иеленді. 2013 жылы 15 гроссмейстер қатысқан «Pavlodar Open 2013» халықаралық турнирінде жеңімпаз атанды.

2014 жылы Тебризе (Иран) қаласында өткен Азия ұлттық кубогында тез ойналатын шахматтан Ринат бастаған Қазақстан командасы ақтық ойында Қытай шахматшыларын ұтып, кубок иесі атанды.

2015 жылы Қазақстан командасы бірінші рет Орталық Азия Кубогын ұтты, команда капитаны Ринат жеке тұлға ретінде бірінші орын алып, Халықаралық шахмат федерациясының президенті (ФИДЕ) Кирсана Илюмжиновтың арнайы сыйлығымен марапатталды.

2017 жылы 55 елден екі жүзге жуық шахматшы қатысқан Sants Open» (Испания, Барселона) турнирін жеңіп, алтын медальға ие болды.

2018 жылы тамыз айында Хамадан (Иран) қаласында өткен Азия ұлттық кубогында бірінші тақтада алтын медаль иегері атанды.

2019 жылы Астанада өткен командалық әлем біріншілігінде Ринат 2016 жылғы әлемнің вице-чемпионы Сергея Карякинді ұтса, 2021 жылы әлем кубогы жолында тағы бір әлемнің вице-чемпионы америкалық Ф.Каруананы ұтты.

2019 жылы Синтайда (Қытай) өткен Азияның континенталдық біріншілігінде 2-4 орындарды бөлісті.

2019 жылы Америка Құрама Штатының Сент-Луис қаласында болған «Winter chess classic» турнирінің А тобында Ринат екінші орынға ие болса, 2020 жылы Мәскеуде өткізілген «Аэрофлот-опен» турнирінде күміс медальды иеленді.

Аталған жетістіктерінің барлығын тізбектеп көрсеткен себебіміз; Ұлы Абай атамның өлеңінде айтқандай «Сүйер ұлың болса, сен сүй... Сүйенерге жарар ол!»-деп, Созақтан шыққан гроссмейстер Ринатты өскелең жастар танып білсін, оған еліктесін, ұқсап бақсын деген ниет еді.

Мұхамед-Әли ИМАНБЕКОВ,
Қазақстанның педагогикалық академиясының ғылыми қауымдастығының мүшесі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директордың уақытша
міндетін атқарушы:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрман КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.